Әділет

# 1999 жылғы облыстық бюджет туралы

## *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 1999 жылғы 5 ақпандағы N 20/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 18 наурызда N 65 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдеде N 27/10 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010.07.23 N 27/10 Шешімімен

1. 1999 жылғы облыстық бюджет кірістері мен шығыстары бойынша 8573154 мың теңге сомасында қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 1999 жылғы облыстық бюджеттің кірістері мынадай салықтардан қалыптасады деп белгіленсін:

- заңды тұлғалардан табыс салығы, төменгі тұрған бюджеттерге есептелетін салаларды қоспағанда;
- төлем көзінен ұсталатын жеке адамдардан табыс салығы, төменгі тұрған бюджеттерге есептелетін соманы қоспағанда;
- әлеуметтік салық.

3. Облыстық бюджеттің кірістері мынадай салық емес түсімдер есебінен қалыптасады деп белгіленсін:

- қылмыстық-атқарушылық инспекцияның қызметінен алынатын кірістер;
- мемлекеттік мүлікті жалға беруден алынатын түсімдер;
- жол полициясы салатын әкімшілік айыппұлдар және басқа санкциялар;
- заңды және жеке тұлғалардан - табиғатты пайдаланушылардан түсетін қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер және табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін айыппұлдар, тәркіленген аңшылық және балық аулау құралдарын, заңсыз аулаған өнімдерді өткізуден түскен қаржылар, ол түсімдер көлемінің 21 проценті мөлшерінде; - республикалық бюджеттен трансферттер.

4. Төменгі тұрған бюджеттердің кірістері мынадай салықтар мен телемдер есебінен қалыптасады деп белгіленсін: - заңды тұлғалардан табыс салығы, облыстық бюджетке есептелетін сомадан басқасы; - төлем көзінен ұсталатын жеке адамдардан табыс салығы, облыстық бюджетке есептелетіннен басқасы; - кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдардан табыс салығы; - мүлікке салық; - жер салығы; - транспорт құралдарына салық; - кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдарды тіркеу үшін алым; - қызметтің жеке түрлерімен айналысу құқығы үшін алым; - заңды тұрғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым;

- аукциондық сатудан алым; - рыноктарда товарларды өткізу құқығы үшін алым;
- су үшін төлем; - орманды пайдаланғаны үшін төлем.

5. Төменгі тұрған бюджеттердің кірістері мынадай салық емес түсімдерден және капиталмен операциялардан кірістерден қалыптасады деп белгіленсін:

- тәркіленген, иесі жоқ мүліктерді, мұрагерлік құқығымен мемлекетке ауысқан мүліктерді, қазыналарды, табылған дүниелерді өткізуден түсімдер, республикалық бюджетке есептелетін сомадан басқасы;

- жерге меншік құқығын, жерді пайдалану құқығын сатудан, жер учаскелерін жалға беруді қоса;

- жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың мүліктерін сатудан түсімдер;

- мектеп-интернаттарда балаларды ұстау үшін төлемдер;

- қозғалмайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу құқығы және олармен ымыраласу үшін төлемдер;

- тұрғын үй кітапшаларын сатудан түсімдер;

- қаруды тіркеуден төлемдер;

- басқа әкімшілік алымдары;

- мемлекеттік пошлиналар;

- әкімшілік айыппұлдар және санкциялар (салық және кеден органдары санатындағылардан басқасы), республикалық және облыстық бюджеттерге есептелетіндерінен басқасы;

- медициналық айықтырғыштарға түскен адамдар төлеген түсімдер;

- стандарттар мен сертификация талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді, жұмыстар мен қызметтерді өткізуден кірістер сомасынан түсімдер;

- жергілікті бюджеттер қаржысы есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтерді өткізуден түсімдер (мектептер мен мектеп-интернаттардан басқалары), басқа айыппұлдар мен санкциялар, жоғары тұрған бюджеттерге есептелетін сомалардан басқасы;

- басқа салық емес түсімдер, жоғары тұрған бюджеттерге есептелетіндерден басқасы.

6. 1999 жылға жалпымемлекеттік салықтардан түсімдердің жалпы сомасын аудандардың, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттеріне бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) заңды тұлғалардан табыс салығы бойынша

Айыртау, Ақжар, Булаев, Еңбекшілдер, Есіл, Жамбыл, Зеренді, Қызылжар, Мамлют, Сергеев, Совет, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Целинный, Щучье аудандарына - 100 процент, Көкшетау және Петропавл қалаларына - 30 процент;

б) төлем көзінен ұсталатын жеке адамдардан табыс салығы Айыртау, Ақжар, Булаев, Еңбекшілдер, Есіл, Жамбыл, Зеренді, Қызылжар, Мамлют, Сергеев,

Совет, Тайынша, Тимирязев, Уәлихан, Целинный, Щучье аудандарына - 50 проценттен, Көкшетау және Петропавл қалаларына 30 процеттен.

7. 1999 жылғы 1 қаңтардан аудандар, Көкшетау және Петропавл қалалары бюджеттерінің шығыстарында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мөлшерде және тәртіппен балалары бар отбасыларына жәрдемақылар және жұмыспен қамту бағдарламасын жүзеге асыруға тұрғын үй жәрдемақыларын төлеуге, қоғамдық жұмысты, жұмыссыздарды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды, жұмыссыздарды еңбекке орналастыруды қоса қаржы көзделгені ескерілсін.

8. 1999 жылғы 1 қаңтардан аудандар, Көкшетау және Петропавл қалалары бюджеттерінің кірістер құрамында Чернобыль АЭС апатының зардаптарын жоюдаң мүгедектері мен қатысушыларына, экологиялық апаттар және ядролық сынақтар салдарынан болған мүгедектерде сауықтыруға жәрдемақыларды және ел ішінде, ТМД көлемінде қалаарылық транспортта жүру, байланыс, мерзімдік баспасөзге жазылу шығындарын қолданылып жүрген заңға сәйкес төлеу қаржылары көзделгені ескерілсін.

9. 1999 жылы жергілікті бюджеттердің шығыстар құрамында тегін кепілді көлем және қорды ұстау моделі бойынша мемлекеттік заказ шеңберінде халыққа медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды, теміржолдағы медициналық ұйымдарды қоса, қаржыландыруға қаржы көзделгені ескерілсін. Медициналық көмектің тегін кепілді көлемін орындау жөнінде және қор ұстау жөнінде мемлекеттік заказды әкімгерлеуді өкілетті орган жүзеге асырады.

10. 1999 жылы аудандар мен қалалар бюджеттеріне трансферттер 5980507 мың теңге сомасында бөлінсін, соның ішінде: ________________________________

_______________________________________________ Соның ішінде: Барлығы: Респуб- Облыстық Оның ішінде: (мың ликалық бюджет қор ұстау теңге) бюдж. бойынша моделі бойынша теңестіру (35 пр.) ________________________________

_______________________________________________ Айыртау ауданына 328915 190061 138854 39917 Ақжар ауданына 184560 120645 63915 19699 Булаев ауданына 288452 185595 102857 33638 Еңбешілдер ауданына 221120 124915 96205 19469 Есіл ауданына 260142 143810 116332 26035 Жамбыл ауданына 252250 137411 114839 25805 Зеренді ауданына 279476 186965 92511 33178 Қызылжар ауданына 263726 179293 84433 30470 Мамлют ауданына 165276 110459 54817 19066 Сергеев ауданына 232574 140547 92027 21658 Совет ауданына 179000 123792 55208 20448 Тайынша ауданына 423643 260288 163355 45446 Тимирязев ауданына 115508 88233 27275 13997 Уәлиханов ауданына 211847 123952 87895 21773 Целинный ауданына 292753 206890 85868 37786 Щучье ауданына 505585 271006 234579 53683 Көкшетау қ. 883975 416967 467008 68701 Петропавл қ. 891705 492574 399131 107472 ____________________________

______________________________________________ Облыстық қаржы басқармасы төмен тұрған бюджеттерге трансферттерді беру былайша жүргізілсін : республикалық бюджеттен - олардың түсуіне қарай; облыстық бюджеттен - әлеуметтік және табыс салықтарының контингенті бойынша жинау жоспарының орындалуына, мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсімдерге пропорциялы түрде облыс бюджетін жасау кезінде тиісті аумақтарға белгіленген мөлшерде.

11. "Жалпы білім беру жергілікті деңгейше" бағдарламасы бойынша аудандардың, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттерінен бөлінетін қаржылар мөлшері мынадай сомадан төмен болмауы тиіс екені ескерілсін: Айыртау ауданына 212689 мың теңге; Ақжар ауданына 112056; Булаев ауданына 177988; Еңбекшілдер ауданына 116800; Есіл ауданына 133377; Жамбыл ауданына 150019; Зеренді ауданына 200470; Қызылжар ауданына 164453; Мамлют ауданына 106524; Сергеев ауданына 122473; Совет ауданына 115516; Тайынша ауданына 262634; Тимирязев ауданына 80998; Уәлиханов ауданына 113223; Целинный ауданына 218007; Щучье ауданына 236797; Көкшетау қ. 404154; Петропавл қ. 570687.

12. Денсаулық сақтау басқармасы бойынша аудандардың, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттерінен бөлінетін қаржылардың мөлшері мынадай сомадан төмен болмауы тиіс екені ескерілсін: Айыртау ауданына 106873 мың теңге; Ақжар ауданына 55103; Булаев ауданына 96023; Еңбекшілдер ауданына 56936; Есіл ауданына 77342; Жамбыл ауданына 67699; Зеренді ауданына 84751; Қызылжар ауданына 79718; Мамлют ауданына 52159; Сергеев ауданына 61719; Совет ауданына 59369; Тайынша ауданына 133434; Тимирязев ауданына 39869; Уәлиханов ауданына 68168; Целинный ауданына 110024; Щучье ауданына 206746; Көкшетау қ. 403374; Петропавл қ. 536732.

13. Өткізілген тендерге сәйкес медикаменттерді орталықтандырылған жеткізілім үшін 1998 жылы пайда болған 7247 мың теңге сомасындағы, соның ішінде:

облпсихауруханаға - 2843 мың теңге, мемсанэпидбақылау облыстық басқармасына - 2000 мың теңге, облыстық қан орталығына - 2259 мың теңге, аймақтық тубдиспансерге - 73 мың теңге, облыстық тубдиспансерге - 72 мың теңге кредиторлық берешекті өтеу үшін қаржы көзделсін.

14. 1999 жылы облыс әкімі аппараты шығыстарының құрамында "Боздақтар" кітабын шығаруды аяқтауға 71 мың теңге, ведомстволық тұрғын үй сатып алуға - 24000 мың теңге, "Мүліктік жалдау орталығының" қызметін төлеуге - 1972 мың теңге, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаментіне аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау қорын құруға - 30000 мың теңге қаржы көзделгені ескерілсін.

15. 1999 жылы облыстық бюджет шығыстарының құрамында шағын

кәсіпкерлікті қолдау бойынша шағын бизнес объектілерін микрокредиттеуге - 20000 мың теңге көзделгені ескерілсін.

16. Облыстық бюджетте резервтік қор 20000 мың теңге, соның ішінде төтенше жағдайларды және тыбиғи және техногендік сипаттағы шараларды қаржыландыру үшін 15000 мың теңге белгіленсін.

17. 1999 жылғы облыстық бюджетті орындау процесінде мына облыстық бағдарламалар қысқартылмайтын болып белгіленсін: - "Туберкулез"; - балаларды әлеуметтік қорғау; - жергілікті деңгейде жалпы білім беру,

- мектеп жасына дейінгі мүгедек балалардың өсуі (емдеу, әлеуметтік адаптациямен байланысты мемлекет кепілдендірген жағдайларды қамтамасыз етумен байланысты).

18. Облыстық бюджет бойынша жылдың аяғында айналымдық кассалық қолда бар ақшаның мөлшері 95 мың теңге сомасында белгіленсін, облыстық бюджеттің 1999 жылғы 1 қаңтарға дейінгі ақша қаржысының қалғаны аталған сомада осы мақсаттарға бағытталсын.

19. Облыстық қаржы басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен маусым-шілде айларында облыстың бюджеттік мекемелерінің қажеттері үшін отын сатып алу және білім қызметкерлерінің демалыс жәрдемақыларын төлеу қажеттігінен туындаған уақытша кассалық айырмашылықты жабу үшін 600 млн. теңге сомасында қарызға алу лимитін келісетін болсын.

20. "Бюджет жүйесі туралы" Заңның 27-бабына сәйкес бюджетті орындау барысында табыс көздерінен жоспарланған түсімдердің төмендеуі жағдайында облыстық бюджетте көзделген шығыстарды әрбір бағдарлама бойынша бекітілген соманың 10 процентіне дейін қысқарту туралы шешімді облыс әкімі, ал 10 проценттен жоғары болса облыстық мәслихат қабылдайды.

21. Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне облыстың 1999 жылғы бюджетін оның кірістер бөлігін ұлғайтуды ескеріп орындау жөнінде шаралар жасау тапсырылсын.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК